

№1 «Ақерке» балалық бағдарламасының
менгерушісі: Г. Жусупова



“Қазақ тілі” қоғамының жылдық жоспары



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
«QAZAQ TILI»
QOĖAMЫ



«QAZAQ TILI»
INTERNATIONAL
SOCIETY



«Қазақ тілі» қоғамы төрайымы: Ахметова Анар

2025-2026 оқу жылы

Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қазақ тілін, мәдениетін және әдебиетін дамытуға бағытталған ұйым болып табылады, 1989 жылы құрылды.

Қоғамның Мақсаты

Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қазақ тілін, мәдениетін, әдебиетін, Қазақстан тарихын оқып-үйренуге, әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын сақтап, оны одан әрі дамытуға ықыласты қазақ және басқа ұлт өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйым. Қоғамның негізгі мақсаты мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, ұлттық мәдени орталықтар мен жеке азаматтарға қазақ тілін республикада және одан тыс жерлерде кеңінен қолдануға қолдау көрсету болып табылады.

Құрылу Тарихы

Қоғам 1989 жылы Алматы қаласында өткен 1-құрылтайда құрылды. Онда «Қазақ тілі» қоғамының Жарғысы мен Бағдарламасы қабылданып, міндеттері айқындалды. Қоғам республикада және одан тыс жерлерде де бастауыш ұйымдары жұмыс істейді.

Қызметі

Қоғам қазақ тілін дамытуға арналған ғылыми-әдістемелік құралдар мен сөздіктер шығаруды ұйымдастырады, мемлекеттік тілді насихаттауға және түрлі мәдени шаралар өткізуге жәрдемдеседі. Сонымен қатар, қоғамның бастамасымен қазақ тілін дамыту жолында көптеген ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Жобалар мен Шаралар

Қоғамның ұйымдастыруымен түрлі конференциялар, семинарлар мен мәдени шаралар өткізіледі. Мысалы, 2025 жылдың 5 қыркүйегінде Астана қаласында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған республикалық конференция өтті.

Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту және ұлттық мәдениетті насихаттау мақсатында жұмыс істейтін беделді қоғамдық ұйым болып табылады.

«ҚР Мемлекеттік «Тіл туралы» заңдарын жүзеге асыру шараларының жоспары».

№1 «Ақерке» балабақшасының Қазақстан халқының тілдерін дамытуға байланысты әкімшілік, тәрбиелеу, білім беру қызметін орындау және іске асыруға байланысты 2025–2026 оқу жылында өткізілетін іс-шаралар

Жоспары

☼ Мақсаты: Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілін дамыту бағдарламасын әкімшілік-тәрбие және білім беру қызметінде орындау және іске асыру.

★ Міндеттері:

1. Мемлекеттік тілді дамыту жұмыс жоспарын құру.
2. Құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізу.
3. Ата-аналарды біріге жүргізілетін мемлекеттік тілді дамыту жұмысына жұмылдыру.
4. Аудандық, кенттік, қоғамдық ұйымдармен бірге атқарылатын жұмыстарды жалғастыру және қатысу.

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Өткізілетін формасы	мерзімі	Жауаптылар
1	«Тілім менің тірегім!» 5 қыркүйек Қазақстан Халқының Тілдері күні!	Тіл мерекесіне арналған ертеңгілік	Қыркүйек айы 2025жыл	Ахметова Анар Барлық топ тәрбиешілері
2	Музыка іс- әрекетінде мемлекеттік әнұранды жаттату.	Жаттау	Қазан айы 2025жыл	Музыка жетекшісі Тулегенова Фариза
2	«Тіл тұмар-бір шынар» Кітап бұрышын ұйымдастыру.	Топта	Қараша айы 2025жыл	Ахметова Анар Барлық топ тәрбиешілері
3	«Ел рәміздері- еркіндік нышаны»	Мерекелік кеш	Желтоқсан айы 2025жыл	Сермаханова Ғалия Ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері
4	«Тіл- татулық тірегі»	Дөңгелек үстел	Қаңтар 2026 жыл	Шманова Айгерім

				Тәжібаева Назгүл
5	«Мұқағали Мақатаев» поэзия тұлпары» Мәнерлеп оқу сайысы	Көркем сөз Тәрбиешілер арасында	Ақпан айы 2026жыл	Наше Жарқынай Ашықбаева Лиза Барлық топ тәрбиешілері
6	«Наурыз-жыл басы!» «Ұлттық киім» «Бауырса пати- 2026» «Асық ойнаған озар»	Апталық Ұлттық киімдер шеруі Тағам тарату Ұлттық ойын	Наурыз айы 2026жыл	Сембаева Айнұр Ақбердиева Жазира Балабақша ұжымы және тәрбиеленушілер.
7	«Ана тілің-арың бұл!»	Тақпақтар айту сайысы Жаңылтпаштар мен мақал- мәтелдер айту сайысы	Сәуір айы 2026жыл	Толыбай Жазира Ильясова Гүлзат
8	«Ғажайып ертегілер елі»	Қазақ ертегілер кейіпкерлерімен сахналық қойылым	Мамыр айы 2026 жыл	Барлық топ тәрбиешілері

№1 «Акерке» бөбекжай – балабақша
меңгерушісі: І. Жүсіпова



«Тілім менің-тірегім!»



Тәрбиешілер: Толыбай Жазира
Ильясова Гулзат

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тілім менің тірегім!»

Мақсаты: Балаларға мемлекеттік тілдің маңызын түсіндіру. Тілге деген сүйіспеншілікті арттыру. Өз ұлтына, ана тіліне деген құрметке тәрбиелеу.

Кіріспе сөз:

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті апайлар және балалар!

«Тірлім менің тірегім!» атты мерекелік кешімізге хош келдіңіздер!

Балалар, бүгін ерекше мерекені атап өтеміз.

Бүгін тілдер күні, яғни Ана тіліміздің мерекесі!

Тіл -халықтың жаны, жүрегі. Әр халықтың өз ана тілі болады.

Бүгін барлық ұлт өкілдерінің өз ана тілін қадірлейтін, құрметтейтін күні.

-Қазақстан -көп ұлтты мемлекет. Бізде 130 дан аса ұлт өкілдері тұрады. Олар өзара тату-тәтті, достықта өмір сүреді. Ал, біздің мемлекеттік тіліміз- қазақ тілі. Біз өз ана тіліміді сүйеміз, құрметтейміз.

Негізгі бөлім:

Ғажайып сәт!

Шет мемлекеттен қонақ келеді.

-Сәлеметсіңдерме балалар!

-Балалар, бұл қай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала?

-Астана қаласы

-Мен сендердің мемлекеттерің туралы толығырақ білгім келіп отыр, маған көмектесесіңдер ме?

-Иә, көмектесеміз.

- ҚР Елбасы кім?

-Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

-ҚР ның мемлекеттік тілі қай тіл?

-Қазақ тілі

Тәрбиеші: Балалар, келген қонағымызға мемлекетіміздің әнұранын орындап берейік.

Балалар Әнұран орындайды.

- Ана тілі туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Тақпақ

Үміт:

1. Ана тілім-ардағым,
Сен деп соғар жүрегім.
Сені сүйіп өтемін,
Тілім менің- тірегім!

Аружан:

2. Ана тілім- арайлы,
Бал-бұл жанған талайлы.
Тілім барда тірімін,
Тілім менің арайлы!

Ахмет:

3. Тілім менің қазынам,
Саялаған өз ұям.
Анам өзі үйреткен,
Сөйле деген сөзбенен.

Ару:

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың елдігің.

Жұпар:

Өсірген ой -білімді
Сүйем туған тілімді
Мақсат етем әр сөздің,
Мәнін терең білуді.

Мақал- мәтел

Әмірхан:

1. Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.

Нұрәли:

2. Туған ел тұғырың
Туған тіл қыдырың

Ойын: «Киіз үй құрастырамыз»

Ән: «Атамекен»

Қорытынды бөлім:

Тәрбиеші:

-Тілді білуіміз үшін не істеуіміз керек?

Балалар: Кітап оқу, тыңдау, жаттау, сөйлеу.

-Тілімізді сүю- Отанымызды сүюмен тең.

Тіліміз біздің қазынамыз, оны бағалай білуіміз керек.

Балалар, сендер бүгін өте белсенді, сұраққа жақсы жауап бердіңдер!



Тілім менің тірегім!



«Тілім менің-тірегім»

Тәрбиешілер: Сембаева А
Ақбердиева Ж

2025– 2026оқу жылы

«Тілім менің тірегім»

Максаты: Балаларды елге, тілге деген сүйіспеншілігін, сыйластық сезімін сақтап, мемлекеттік рәміздердің бірі ретінде құрметпен қарауға тәрбиелеу. Өз ана тілін жоғары ұстауға баулу.

Топ іші жарық, мерекеге сай безендірілген. Келген қонақтармен балалар түгел жайғасқан.

Сәлемдесу рәсімі

Білер қазақ баласы,
Сәлем сөздің анасы.
Алдымыздан кезіккен
Көп танысты көреміз.
Бәрінен ізетпен
Біздер сәлем береміз.
Сәлеметсізбе ағай деп,
Сәлеметсізбе, апай деп,
Есенсізбе, әжей деп,
Амансызба, атай деп
Біздер сәлем береміз,
Өнегелі өренбіз.

Балалар бірге: Сәлеметсіздер ме!

Алғашқы құттықтау сөз балабақша әдіскері Н. Санкебаеваға беріледі.

Жүргізуші:

Ең алғашқы бақытым - тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Дүниеден кейде мен түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Салтанатты күн бүгін,
Шырқалады әнұран.
Көк аспандай туымда
Қалықтайды жас қыран.

Жүргізуші: Ендеше, балалар, барлығымыз орнымыздан тұрып, мемлекеттік әнұранды орындаймыз.

Хор: Әнұран

Слайд: Қазақстан мемлекеті жайлы слайд көрсету.

Тіл бізге не үшін керек ?

Екі бала не істеп тұр ?

Неің суретін көріп тұрсыңдар ?

«Менің елім - мақтанышым» ойыны

1. Елбасымыз кім?

2. Еліміздің бас қаласы қай қала?

3. Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

4. Біз қай ұлтпыз?

5. Біз қай тілде сөйлейміз?

6. Біздің елде тағы басқа қандай ұлттар бар?

7. Тіл мереkesі жылдың қай мезгілінде атап өтіледі?

Жүргізуші: Ендеше, осы мерекеге арналған тақпақтарымызға кезек берейік

Бектібай

Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалкыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балкыдым.

Ернұр

Ана тілің - арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте...

Мирас

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Нұрислам

Ақыл ойын дананың
Ана тілден аламын
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның.

Ботакөз

Тілім барда мақтанам.
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.

Айдар

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.

Абдурахман

Өсірген ой білімді
Сүйем туған тілімді
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді

Айлина

Ана тілді білмесем
Шат-шадыман күлмес ем
Жер бетінде сайрандап
Қазақ болып жүрмес ем

Көзайым

Анам берген **туған тілім**,
Атам берген құрал **тілім**

Айару

Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.

Айсұлтан

Ана тілің алпыс тілге татиды.

Аймира

Ана тілі – бәріміздің анамыз,
Өйткені ол – ұлтымыздың апасы
Е. Сұлтан

Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді.

Медина

Тілі өлген ел – тірі өлген ел.

Диана

Он пәленің тоғызы –тілден.

Ілияс

Ауызда жиек жоқ
Тілде тиек жоқ

Досхан

Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.

Шерхан

Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгірт.

Хор : « Ана тілін сүйеміз»

Би: «Қара жорға»

Бір топ жігіттер

Жүргізуші:

Тілім менің ,күйім менің
Тұтастығым елдігім үйім менің
Ел қорғаған ерлерге рух берген
Осы тілді толғайды биім менің.

Жүргізуші:

Туған тілім тірлігімнің айтағы
Тілім барда айтылар сыр ойдағы
Өссе тілім,менде бірге өсемі
Өтсе тілім,менде бірге өтемін.

Осымен «Тілім менің тірегім»атты кеңейтілген оқу қызметіміз аяқталды.Уақыттарыңызды
тамаңшалағандарыңызға көп рахмет.



Тілім менің- тірегім

«Музыка іс-әрекеті: Мемлекеттік әнұранды жаттату»
тақырыбындағы тәрбиелік іс-шара.

АНЫҚТАМА

2025 жылы қазан айында «Ақжелкен» ересек тобында «Музыка іс-әрекеті: Мемлекеттік әнұранды жаттату» тақырыбында балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында іс-әрекет ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны таныстырылып, ән мәтінін жаттау жаттығулары жүргізілді. Балалар әнді тыңдап, бірге шырқау арқылы ноталарды, ырғақты және сөздерді есте сақтауды үйренді. Сонымен қатар, балаларға әнұранның мәні мен маңызы түсіндірілді.

Іс-шара барысында балалар бір-біріне көмектесіп, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытты. Әрбір қатысушы белсенділік танытып, мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін көрсетті. Белсенді қатысқандар Алғыс хаттармен марапатталды.

Қорытындылай келе, өткізілген музыка іс-әрекеті өз мақсатына жетіп, тәрбиелік мәні зор, музыкалық қабілет пен патриоттық сезімді дамытуға ықпал ететін іс-шара болды.

Топтың аты: «Ақжелкен» ересек топ

Тәрбиешілер: Сермаханова Ғалия

Ахметова Анар



*«Балдәурен» кіші тобының тәрбиешісі
Тәжібаева Н, Шманова А
«Тіл Тұммар – бір шынар» тақырыбындағы
балаларымен жүргізілген жұмыс.*

Анықтама

Кіші «Балдәурен» тобында өткізілетін «Тіл Тұммар – бір шынар» атты кітап бұрышы балалардың тіл дамытуға, сөздік қорын кеңейтуге және кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға арналған. Бұл бұрышта балаларға көрнекі әдебиет, ертегілер, өлеңдер мен сурет кітаптары ұсынылады. Кітаптар арқылы балалар сөздерді дұрыс айту дағдыларын дамытуға.

Кітап бұрышының мақсаты:

- Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту;
- Кітапқа деген қызығушылықты арттыру;
- Шығармашылық ойлау мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- Әдебиет арқылы әлеуметтік және эмоционалды дамуды қолдау.

Бұл бұрыш балалардың өздігінен оқуға деген ынтасын арттырады және топтағы оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Топ тәрбиешілері: Тәжібаева Н
Шманова А









«Топтарда кітап бұрышын ұйымдастыру»
тақырыбындағы тәрбиелік іс-шара.

АНЫҚТАМА

2025 жылы қараша айында «Ақжелкен» ернесек тобында «Топтарда кітап бұрышын ұйымдастыру» тақырыбында балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында әр топта кітап бұрышы жасалып, балалар мен тәрбиешілер бірлесіп оны безендірді. Кітап бұрышында түрлі көркем әдебиет, ертегілер, танымдық және оқу-танымдық кітаптар орналастырылды. Балалар кітаптарды таныстырып, олармен жұмыс жасауды, кітаптарды жинақтап, тәртіп сақтауды үйренді.

Іс-шара барысында балалар өз достарына кітаптарды ұсыну арқылы оқу мәдениетін дамыту дағдыларын көрсетті. Белсенді қатысқандар Алғыс хаттармен марапатталды. Кітап бұрышы балаларға оқу мен оқуға қызығушылықты арттыруға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, өткізілген іс-шара өз мақсатына жетіп, тәрбиелік мәні зор, балалардың танымдық қабілеттерін және кітапқа деген қызығушылығын дамытуға ықпал ететін мазмұнды іс-шара болды.

Топтың аты: «Ақжелкен» ересек топ

Тәрбиешілер: Ахметова А

Сермаханова Ғ







Тақырыбы:
«Тіл – татулық тірегі»

Топ тәрбиешілері: Тәжібаева Н
Шманова А

2025-2026жж

Тақырыбы: «Тіл – татулық тірегі»

Мақсаты:

- Балалар тілін дамытуда ата-аналардың рөлін көрсету;
- Отбасында салауатты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- Тіл арқылы татулық пен достықты нығайту.

1. Ұйымдастыру бөлімі

Тәрбиеші 1:

«Құрметті ата-аналар! Бүгін біз сіздермен «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында кездесіп отырмыз. Біздің мақсатымыз – балалардың тілін дамытуда сіздердің рөліңізді көрсету, отбасындағы салауатты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және тіл арқылы татулықты нығайту. Барлығыңызға қош келдіңіздер!»

Тәрбиеші 2:

«Иә, бүгінгі кездесуде біз тек сөзбен шектелмей, ойын, талқылау және тәжірибе бөлісу арқылы тілдің отбасы мен қоғамдағы маңызын көрсетеміз. Келіңіздер, бастайық!»

2. Шолу бөлімі

Тәрбиеші 1:

«Тіл – бұл қарым-қатынас құралы ғана емес, отбасы мен қоғамның тірегі. Балалар сөйлеуді үйрене отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық және эмоционалды дамуын жетілдіреді. Ал сіз, ата-аналар, күнделікті өмірде балаңызбен сөйлесу арқылы оның тілін дамытасыз.»

Тәрбиеші 2:

«Тіл арқылы біз баламызға тек сөз үйретіп қана қоймай, отбасылық дәстүрді, сыпайылықты, татулықты да жеткіземіз. Балалар біздің сөзімізді тыңдап қана қоймай, оны үлгі ретінде қабылдайды.»

3. Талқылау бөлімі

Тәрбиеші 1 (сұрақ қояды):

«Ата-аналар, сіздер күніне балаңызбен қанша уақыт сөйлесесіздер? Қандай сөздерге ерекше мән бересіздер?»

Ата-аналар жауап береді, тәрбиеші 2 қосады:

«Тамаша! Баламен күнделікті әңгіме тілін дамытуға үлкен әсер етеді. Сөздік қорын байыту үшін ойындар мен ертегілер оқу өте тиімді.»

Тәрбиеші 1 (келесі сұрақ):

«Отбасында тіл арқылы татулықты қалай сақтайсыздар? Мысалы, даулы жағдайларда қандай сөздерді қолданасыздар?»

Тәрбиеші 2 түсіндіреді:

«Дұрыс! Даулы жағдайда дөрекі сөзді қолданудың орнына, сезімімізді тыныш және түсінікті түрде жеткізу – тіл мәдениетінің басты белгісі. Балалар мұны үйренгенде өзара түсіністік күшейеді.»

4. Ойын-таным бөлімі

Тәрбиеші 1:

«Енді бірге ойнаймыз. Бірінші ойын – «Сөз құрау». Біз сіздерге сөздерді ұсынамыз, сіздер балаңызбен бірге сөйлем құрастырасыздар. Мысалы, «дос», «балалық», «қуаныш» деген сөздерден сөйлем құраңыздар.»

Тәрбиеші 2:

«Келесі ойын – «Тіл – достық көпірі». Біз сіздерге өмірлік жағдай береміз. Сол жағдайды балаңызбен тіл арқылы қалай шешетіндеріңізді көрсетесіздер. Бұл ойында шығармашылық пен қарым-қатынас дағдылары дамиды.»

Тәрбиеші 1:

«Бүгінгі кездесудің негізгі ойы – тіл тек қарым-қатынас құралы емес, отбасы татулығының кепілі екенін көрсету. Әр ата-ана баласымен сөйлесуге, сөйлеу мәдениетін үйретуге жауапты.»

Тәрбиеші 2:

«Сіздерге қысқаша ұсыныс: күнделікті әңгіме, ертегі оқу, ойын арқылы тіл дамыту. Балаларымыздың тілін дамыту арқылы біз отбасыдағы татулықты нығайтамыз. Барлығыңызға қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз!»

*«Балдғурен» кіші тобының тәрбиешісі
Тәжібаева Н, Шманова А
«Тіл – татулық тірегі» тақырыбындағы
Ата –аналар мен жүргізілген жұмыс*

Анықтама

Балабақнада «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шараның негізгі мақсаты – балалардың тілін дамытуда ата-аналардың рөлін арттыру, отбасында салауатты сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және тіл арқылы отбасы мен қоғамдағы татулықты нығайту. Дөңгелек үстел барысында тәрбиешілер ата-аналарға тіл дамуының кезеңдері, ойын және оқу арқылы сөздік қорды байыту жолдары, балалармен тиімді сөйлесу әдістері жайлы ақпарат берді. Сондай-ақ, ата-аналар тәжірибелерімен бөлісті, сұрақтар қойып, тілдік тәрбиенің күнделікті өмірде қолданылу жолдарын талқылады. Шара нәтижесінде ата-аналар балалармен тіл арқылы қарым-қатынас жасаудың, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың маңызын түсініп, отбасы ішінде бірлікті, татулықты арттыруға үлес қосты.

**Топ тәрбиешілері: Тәжібаева Н
Шманова А**

«Бастамашы»
№1 «АКЕРКЕ» бөбекжай-балабақшасының
менеджері Г.Жусупова



«Мұқағали Мақатаев – поэзия тұлпары»
(мәнерлеп оқу сайысы)



Тәрбиеші: Ашықбаева Л
Ашықбаева Л.

2025-2026 оқу жылы

«Мұқағали Мақатаев поэзия тұлпары»

1-жүргізуші:

Бүгінгі кеш ерекше...

Бүгін біз жүреппен сөйлейтін ақын жайлы сыр шертеміз.

2-жүргізуші:

Иә, ол – өлеңді өмірімен тең көрген,

сезімді жырымен өрген ақын –

Мұқағали Мақатаев.

1-жүргізуші:

Мұқағали десе, ойыңа не келеді?

2-жүргізуші:

Маған ең алдымен – шынайылық келеді.

Оның әр өлеңі жүректен шыққан.

Сондықтан да жүрекке жетеді.

1-жүргізуші:

Рас айтасың.

Ол туған жерін жанындай сүйді.

Қарасазын сағынды, елін аңсады.

2-жүргізуші:

Тек туған жер емес,

анаға деген махаббаты қандай еді десеңші!

1-жүргізуші:

Мұқағали жырлары ешқашан ескірмейді.

Себебі онда – өмір бар.

Онда – шындық бар.

2-жүргізуші:

Ақынның өзі айтқандай,

Сарапшылар өз қортындысын шығарамын дегенше сіздердің құрметтеріңізге Фаризаның әсем әнін қабыл алыңыздар.

Тәрбиешілерді марапаттау.

1-жүргізуші:

Бүгін біз поэзия әлеміне саяхат жасап, Мұқағали жырларымен жүрегімізді тербеттік.

2-жүргізуші:

Иә, ақынның әрбір өлеңі – шынайылық пен сезімнің тұнып тұрған әлемі. Оның жырлары бізге өмірді сүюді, адамды құрметтеуді үйретеді.

1-жүргізуші:

Мұқағали жырлары – уақытпен өлшенбейтін қазына. Ол – халықпен бірге жасайтын мәңгілік ақын.

2-жүргізуші:

Бүгінгі кеш арқылы біз ақын рухына тағзым етіп, жүрегімізге тағы бір сәуле қостық деп сенеміз.

Екеуі бірге:

Осымен поэзия кешіміз аяқталды. Келесі кездескенше, жыр әлемінде қауышайық!

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін, немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,
Жаралы жүректерді емдеу үшін.
Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.
Өтсем болды арқалап адамдардың
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын.
Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.
Өлмеу үшін - құлқынды жемдеу үшін.
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»
Абай жаққан бір сәуле сәнбеу үшін.

Ең бірінші **бақытым** – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші **бақытым** – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста :
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей **бақытым** бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілген
«Асық ойнаған озар» ұлттық ойын.**

Анықтама

«Асық ойнаған озар» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ұлттық асық ойындарын насихаттау, ата-баба дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Балалардың ептілік, мергендік, шапшаңдық және көзбен мөлшерлеу (көру-кеңістік) қабілетін дамыту. Саусақ моторикасы және қол-көз үйлесімділігін жетілдіру. «Асық қалай пайда болды?» Балаларға асықтың түрлері (хан, сақа, кеней, шік, бүк, тәйке, алшы) туралы түсіндіріліп, көрнекіліктер көрсетілді. Балалар асықты қолмен ұстап, оның пішінімен, атауларымен танысты. Балалар асықтың негізгі позитцияларын (шік, бүк, тәйке, алшы) ажыратуды үйренді. Ойын ережелерін сақтай отырып, өз кезегін күтуді, жеңіске бірге қуанып, жеңілісті қабылдай білуді меңгерді. Қимыл-қозғалыс белсенділігі артып, ептілік танытты.

Қорытынды: «Асық ойнаған озар» бағытындағы жұмыстар балабақшаның тәрбие-білім беру үдерісіне оң әсерін тигізді. Ұлттық ойын элементтерін алдағы уақытта да сергіту сәттерінде, дене шынықтыру ойын әрекетінде және серуен кезінде тұрақты түрде қолдану ұсынылады.

Толтырылған күні: 27.03.2026ж

Топ тәрбиешлері: Сембаева А
Ақбердиева А



"Асық ойнаған озар"



ҮЛТТІК КІМ



**«Ұлттық киімдер»
Ұлттық киімдер шеруі**

Анықтама

«Ұлттық киімдер» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының және өзге ұлттардың ұлттық киімдерін таныстыру, олардың атауларын, жасалу ерекшеліктерін түсіндіру; ұлттық құндылықтарды қастерлеуге баулу. Балалардың эстетикалық талғамын, сахна мәдениетін дамыту; ата-аналармен мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Шеру салтанатты түрде ашылып, шара барысында тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арнайы дайындаған ұлттық киімдер үлгісін көрсетті. Балалар тек киім үлгісін көрсетіп қана қоймай, өз киімдерінің атауын мақтанышпен атап өтті, Сондай-ақ шара барысында ұлттық билер биленіп, күй орындалды. Ұлттық киімдер шегруі өте қызықты, әрі танымдық деңгейде өтті.

Толтырылған күні: 18.03.2026ж

Топ тәрбиешілері : Сембаева А
Акбердиева Ж



Бауырсақ пати



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі:  Г.Жусупова



«Саңырауқұлақтың саясында» ертегісі



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Г

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Саңырауқұлақтың саясында»

Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, достыққа, бір-біріне көмектесуге, мейірімділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу; тыңдау, түсіну және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Жүргізуші: Жаңбыр жауып таңменен,

Самал желде еседі.

Алаңқайда саңырауқұлақ,

Өскен екен кешегі.

Тентек жаңбыр қоймайды,

Саңырауқұлақпен ойнайды.

Гүлдерде өскен әдемі,

Жәндіктер қамын ойлайды.

Келеді әне құмырсқа,

Тығылуға қуысқа.

Енді сонда тұрады,

Саңырауқұлақ үйі болады.

Құмырсқа: Жаннұр

Жаурадым мен шаршадым,

Саңырауқұлақ қорғаным.

Пана болсаң сен маған,

Басылар менің тоңғаным.

Тек өзіме орын жетер

Ішінде аяғым кебер.

Көбелек: Көзайым (ұшып келеді)

Достым менің құмырсқа,

Халың қалай дұрыспа.

Менде жағдай мәз емес,

Орын бар ма қуыста.

Үйім болмай жаурадым,

Қалды менің қанатым.

Екеуге орын жетер

Қанатым менің кебер.

Құмырсқа:Жаннұр

Менің өзім әрең сыйдым

Қайда сенің үйің,

Көбелек: Көзайым

Қане, екеуіміз дос болайық.

Құмырсқа: Жарайды кел.

Бектен Тышқан:

Кіргізіндерші мені де,

Үстім су болып қалды.

Үшеуге орын жетер,

Менің құйрығым кебер.

Құмырсқа:Жаннұр

Кіргізер ем қуана

Мұнда саған орын бар ма?

Бектен Тышқан:

Бір қырыңмен тұрсаң да,

Мүмкін орын табылар.

Көбелек: Көзайым Жарайды, кел.

Ислам Торғай:

Еңбек етіп күнімен,

Ұшып жүрмін аспанда.

Орын бар ма мен үшін,

Тек бір сағатқа.

Құмырсқа:Жаннұр Кіргізер ем қуана,

Мұнда саған орын бар ма?

Көбелек: Көзайым

Мұнда саған орын табылады.

Кел бірге тұрайық.

Жүргізуші:

Қорқақ қоянды олар,

Құтқаруға тырысады.

Сезім Қоян:

Қашып келдім орманнан,

Қу түлкі тұр артымда.

Мені де тыға тұрыңдаршы,

жеп қояды аяңдаршы.

Құмырсқа:Жаннұр

Демалма, қозғалма,

Құйрық, құлақтарыңды жина.

Нұрәли Түлкі: Қоянды көрдіңдер ме?

Мен оны жоғалтып алдым.

Жүргізуші: Қорқақ қоянды олар,

Құтқаруға тырысады.

Жүргізуші: Саңырауқұлақты айнала,

Әрі, бері қарады.

Таппаған соң қоянды,

Кетті орманға шаттана.

Жүргізуші: Білдірді қоян алғысын,

Достарына мақтана.

Жарқырайды айнала,

Сайрады құстар ән сала.

Көрінді күннің шуағы,

Бетімізді аймала.

Таңданып қап құмырсқа,

Бұлай деді ойлана.

Құмырсқа:Жаннұр Түсінбедім, ештеңе.

Саңырауқұлаққа кішкентай

Қалай сыйды бәрі де.

Жүргізуші: Қиындықта қолдайтын,

Жамандықтан қорғайтын.

Қуанышты бөлісер,

Барлығына дос керек. (барлығы бірге)

Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде,

Ертегі сыр шертеді.

Ертеңгіден басталар,

Еліміздің ертеңі.

